«Ақмола облысы Қосшы қаласы №3 мектеп-лицейі» КММ
Лицей сыныптарына қабылдау іс-шарасы туралы ақпарат

16.05.2026ж күні 6 сынып оқушыларын лицей сыныптарына қабылдау мақсатында тестілеу кезеңі ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың білім деңгейін,, логикалық ойлау қабілетін, пәндік сауаттылығын анықтау және дарынды, қабілетті білім алушыларды іріктеу.

Тестілеуге мектептің 6 сыныптарынан үміткер оқушылар қатысып, қазақ тілі, математика және логика бағыттары бойынша тапсырмалар орындады. Барлық қатысушыларға тең мүмкіндік жасалып, тестілеу талапқа сай, ашық әрі әділ түрде өткізілді. Аталған іс-шараға ата-аналар комитетінен комиссия торағасы қатыстырылды. Тесттің өткізілу ережесі талапқа сай түсіндірілді.

Іс-шара барысында оқушылар өз білімдері мен дағдыларын көрсетіп, жоғары нәтижеге жетуге талпынды. Тестілеу қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен оқушылар лицей сыныптарына қабылданады.

Лицей сыныптары – оқушылардың тереңдетілген білім алуына, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға және болашақта жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін маңызды білім беру алаңы.

Мектеп ұжымы барлық қатысушыларға сәттілік тілей отырып, білімге деген ұмтылыстары үшін алғыс білдіреді.